

## Түркі мәдениеті және мұрасы қорының жарғысын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 864 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылғы 23 тамызда Бішкекте жасалған Түркі мәдениеті және мұрасы қорының жарғысы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С.Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 7

т а м ы з д а ғ ы

№

8 6 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Түркі мәдениеті және мұрасы қорының Жарғысы

Әзербайжан Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Түркия Республикасының Үкіметтері, бұдан әрі – «Тараптар»,  
Тарихи байланыстар, ортақ тіл, мәдениет және өз халықтарының салт-дәстүрлеріне  
с ү й е н е отырып;

Түркітілдес халықтардың мәдени мұрасын сақтау мен дамытуға байланысты  
қызметін жүзеге асыруды маңызды санай отырып;

Түркітілдес халықтар арасындағы тарихи және мәдени байланыстарға ықпал ету,  
екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты тереңдетудің маңыздылығын атап көрсетіп  
;

2009 жылғы 3 қазанда Әзербайжан Республикасының Нахчыван қаласында  
Түркітілдес елдердің мемлекет басшыларының ІХ Саммитінің Түркі мәдениеті және  
мұрасы қорын құру туралы шешімін, сондай-ақ 2010 жылғы 16 қыркүйекте Стамбұл  
қаласында өткен Түркітілдес елдердің мемлекет басшыларының Х Саммитінде  
көрсетілген қолдауды назарға ала отырып;

Төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап. Түркі мәдениеті және мұрасы қоры

Тараптар осымен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (бұдан әрі –  
Түркі кеңесі деп аталады) үшін халықаралық ұйым - Түркі мәдениеті және мұрасы  
қорын (бұдан әрі «Қор» деп аталады) құрды.

## **2-бап. Қордың мақсаттары**

Қор іс-шараларды, жобаларды, бағдарламаларды қаржыландыру жолымен түркі мәдениеті мен мұрасын қорғайды, зерттейді және дамытады.

## **3-бап. Қордың міндеттері**

Қор жоғарыда аталған міндеттерге қол жеткізу мақсатында:  
Түркі мәдениеті мен мұрасын сақтау, қорғау, жаңғырту және дамыту үшін қаражатпен қамтамасыз етеді;

Түркі мәдениеті мен мұрасын қорғауды, жаңғырту мен дамытуға қатысты ғылыми және техникалық мәселелерді шешуге қолғабыс көрсетеді;

Түркі мәдениеті мен мұрасын қорғау, жаңғырту және дамыту салаларында мамандарды дайындауға қолдау көрсетеді;

Семинарлар, симпозиумдар, конференциялар, конгрестер, далалық зерттеулер, сондай-ақ көрмелер ұйымдастыруға қолғабыс етеді;

Электрондық және баспа ғылыми басылымдар мен ғылыми мақалалар дайындауға көмектеседі;

Жарыстарға, фестивальдерге, турнирлерге және т.б. демеушілік көрсетеді;

Түркітілдес халықтар тұратын аумақтарда дәстүрлі қолөнер және қолданбалы өнерлерді жаңғырту, қолдау және дамытуға септігін тигізеді;

Қолөнершілер, суретшілер және басқа да шығармашылық өнердің қызметкерлеріне зияткерлік құқықтарын қорғауға көмек көрсетеді.

## **4-бап. Қордың құрылымы**

### **1 . Қ о р К ең е с і**

Кеңес әрбір Тараптан бір өкілден құралатын бақылаушы орган болып табылады. Ол Қордың қызметін Жарғы мақсаттары мен қабылданған шешімдердің орындалуына сәйкес бақылайды.

### **2 . П р е з и д е н т**

Президент Қордың басшысы болып табылады. Оған міндеттерін орындауда Хатшылық жәрдемдеседі.

Қор Президентін Түркі кеңесі Мемлекет басшыларының кеңесі (бұдан әрі МБК деп аталады) Қор Кеңесінің ұсынуымен Тараптардың азаматтары қатарынан ротациялық тәртіппен ағылшын тіліндегі ресми атаулары бойынша төрт жыл мерзімге қайта жаңарту негізінде тағайындалады.

Қордың тұңғыш Президенті Әзербайжан Республикасы азаматтары қатарынан тағайындалады.

Хатшылық Тараптардың азаматтарынан құралады және Қордың Президенті тарапынан тағайындалады.

Тараптар Қор Президенті міндеттерінің халықаралық сипатын құрметтеуге міндеттенеді.

Хатшылықтың орналасу жері Баку қаласы, Әзербайжан Республикасы.

Қор Президенті Әзербайжан Республикасы Үкіметімен Қабылдаушы ел туралы келісіміне қол қояды.

Қор әрбір Тараптың аумағында оның мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті құқықтық қабілеттілікті пайдаланады.

#### **5-бап. Рәсімдік ережелері**

Қор Кеңесі Тараптардың келісімі бойынша Қордың Рәсімдік ережелерін қабылдауы тиіс.

#### **6-бап. Қаржыландыру**

Бюджетті Қор Президенті Түркі кеңесі Сыртқы істер министрлері кеңесінің (бұдан әрі «СІМК» деп аталады) бекітуіне дайындайды.

Міндетті жарналар Біріккен Ұлттар Ұйымына жарғы шәкілінен жоғары төлем қабілеттілігін, сол сияқты өңірлік ұйымдарға қазіргі таңдағы жарналарын есепке ала отырып, СІМК-де белгіленеді. Бұл ретте қабылдаушы Тараптың үлесі басқа Тараптардан кем болмауға тиіс.

Қор Президенті келесі жылдың шығыстар сметасын дайындайды және барлық Тараптарға ағымдағы жылдың алғашқы жартысында СІМК-нің бекітуі үшін таратады.

Міндетті жарналардың шәкілі жеке хаттамада көрсетілетін болады.

Қорға ерікті жарналар шектелмейді.

#### **7-бап. Жұмыс тілдері**

Қордың жұмыс тілдері Тараптардың мемлекеттік/ресми тілдері және ағылшын тілі болып табылады.

#### **8-бап. ТҮРКСОЙ-мен ынтымақтастық**

Қор өзінің қызметін ТҮРКСОЙ-мен ынтымақтастықта жүзеге асырады.

#### **9-бап. Жұмыс барысы туралы есеп**

Қордың Президенті өзінің қызметі туралы есепті дайындайды және Түркі кеңесінің Бас хатшысы арқылы МБК-не ұсынады.

#### **10-бап. Дауларды реттеу**

Осы Жарғыны түсіндіру және қолдану кезінде туындауы мүмкін келіспеушіліктерді Тараптар консультациялар мен келіссөздер жолымен шешеді.

#### **11-бап. Өзгертулер мен толықтырулар**

Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың өзара келісімімен осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Жарғының 12-бабында белгіленген рәсімдерге сәйкес күшіне енетін жеке хаттамалар түрінде ресімделеді.

#### **12-бап. Жарамдылық, күшіне ену және қосылу**

Осы Жарғы белгісіз мерзімге күшінде болады және оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы депозитарийден үшінші жазбаша хабарламаның алғанынан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Жарғы оған қосылған басқа мемлекеттер үшін ратификациялау туралы тиісті құжатты депозитарий алғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Жарғы оның күшіне енуінен бастап, оған басқа түркітілдес мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Осы Жарғы қосылушы мемлекет үшін депозитарийдің қосылу туралы құжат алғанынан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

### **13-бап. Шығу рәсімі**

Егер Тараптардың бірі осы Жарғыдан шығу туралы шешім қабылдайтын болса, ол осы Тарап үшін ғана жарамсыз болып қалады. Шығу рәсімі дипломатиялық арналар арқылы депозитарий Тараптың жазбаша хабарламасын алған күннен бастап, алты ай өткен соң жарамсыз болып қалады.

Шығушы Тарап Қордың мүлкіне құқығынан бас тартатын болады.

### **14-бап. Депозитарий**

Осы Жарғының депозитарийі Әзербайжан Республикасы болып табылады. 2012 жылғы 23 тамызда Бішкек қаласында әзербайжан, қазақ, қырғыз, түрік және ағылшын тілдерінде бірдей күші бар бір түпнұсқа данада жасалды. Барлық мәтіндер өзара тең болады.

Осы Жарғыны түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтіні басымдыққа ие болады.

Осы Жарғының түпнұсқа данасы әрбір қол қойған Тарапқа расталған көшірмесін жіберетін депозитарийде сақталады.

<i>Әзербайжан Республикасының</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасының</i>	<i>Түркия Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>